

ЕУРАЗИЯЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ОДАҚТЫҢ СОТЫ

КОНСУЛЬТАТИВТІК ҚОРЫТЫНДЫ

2018 жылғы 17 желтоқсан

Минск қаласы

Еуразиялық экономикалық одақ Сотының мынадай құрамдағы Үлкен алқасы:

төрағалық етуші Ж.Н.Бәйішев,
судьялар А.М. Ажибраимова, Э.В. Айриян, Д.Г.Колос, Т.Н. Нешатаева,
В.Х. Сейтімова, Г.А. Скрипкина, А.Э. Туманян, А.А.Федорцов, К.Л.Чайка,
сот отырысының хатшысы Л.Ч.Долженконың қатысуымен,
баяндамашы судья Д.Г.Колосты тыңдап, іс материалдарын зерттеп,
Еуразиялық экономикалық одақтың Соты Статутының 46, 47, 50, 68, 69, 73, 96, 98-тармақтарын, Еуразиялық экономикалық одақ Соты Регламентінің 72,85-баптарын басшылыққа ала отырып,

Еуразиялық экономикалық комиссияның 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың 76-бабының 4 және 6-тармақтарының ережелеріне және Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2012 жылғы 19 желтоқсандағы № 29 шешімімен бекітілген Нарықты трансшекаралыққа жатқызу критерийлеріне түсініктеме беру туралы өтініші бойынша консультативтік қорытынды береді.

Өтініш берушінің сұрағы

Еуразиялық экономикалық комиссия (бұдан әрі – өтініш беруші, Комиссия) Еуразиялық экономикалық одақтың Сотына (бұдан әрі – Сот) 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың (бұдан әрі – Шарт) ережелеріне және Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2012 жылғы 19 желтоқсандағы № 29 шешімімен бекітілген Нарықты трансшекаралыққа жатқызу критерийлеріне (бұдан әрі – Нарықты трансшекаралыққа жатқызу критерийлері) түсініктеме беру туралы өтінішпен жүгінді.

Шарттың 76-бабының 7-тармағына сәйкес мүше мемлекеттердің шаруашылық жүргізуші субъектілерінің (нарық субъектілерінің), сондай-ақ мүше мемлекеттердің кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырмайтын жеке тұлғалары мен коммерциялық емес ұйымдарының Шарттың «Бәсекелестіктің жалпы қағидаттары мен қағидалары» деген XVIII бөлімінде белгіленген бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзуының жолын кесуді, егер мұндай бұзушылықтар, қаржы нарықтарын қоспағанда, екі және одан да көп мүше мемлекет аумағындағы трансшекаралық нарықтағы бәсекеге теріс әсер ететін болса немесе әсер етуі мүмкін болса, Комиссия Шартқа №19 қосымшада – Бәсекелестіктің жалпы қағидаттары мен

қағидалары туралы хаттамада (бұдан әрі – Хаттама) көзделген тәртіппен жүзеге асырады.

Хаттаманың 8-тармағына сәйкес Шарттың 76-бабында белгіленген бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзудың жолын кесуді мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары жүзеге асырады.

Хаттаманың 9-тармағына сәйкес егер мұндай бұзу трансшекаралық нарықтарда бәсекелестікке теріс әсер ететін немесе әсер етуі мүмкін болса, Шарттың 76-бабында белгіленген бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзудың жолын кесуді Комиссия жүзеге асырады.

Өтініште Комиссия Хаттаманың 10-тармағында белгіленген өкілеттіктерді іске асыру барысында тыйым салынуы Шарттың 76-бабының 4-тармағымен («сатылы» келісімдер жасасу) және Шарттың 76-бабының 6-тармағымен (экономикалық қызметті үйлестіруді жүзеге асыру) белгіленген бәсекелестік қағидаларын бұзушылықтардың аражігін ажыратуға, оның ішінде аталған бұзушылықтардың соңғысына қатысты Нарықты трансшекаралыққа жатқызу критерийлерінің 2-тармағын қолдануға қатысты мәселе туындағаны көрсетіледі.

Өтініш беруші мүше мемлекеттердің шаруашылық жүргізуші субъектілерінің (нарық субъектілерінің) Шарттың 76-бабының 1 – 5-тармақтарында көзделген тыйым салуларды бұзудың жолын кесуді Комиссия жүзеге асыратын талаптардың Критерийлердің 3-5-тармақтарымен көзделгенін атап өтеді. Бұл ретте Шарттың 76-бабының 6-тармағында көзделген бұзушылықтардың жолын кесу жөніндегі Комиссияның өкілеттіктерін жүзеге асыруға арналған арнайы талаптар Критерийлерде жоқ.

Осыған байланысты өтініш беруші Соттан Шарттың және Нарықты трансшекаралыққа жатқызу критерийлерінің мынадай ережелеріне:

1. Нарықты трансшекаралыққа жатқызу критерийлерінің 3 – 5-тармақтары Шарттың 76-бабының 1 – 5-тармақтарында белгіленген бұзушылықтардың жолын кесу кезінде қолданылатынын, ал Шарттың 76-бабының 6-тармағына қатысты осындай қосымша критерийдің белгіленбегенін ескергенде, Шарттың 76-бабының 6-тармағында көзделген бәсекелестіктің жалпы қағидаларының бұзылуы жағдайында Комиссияның құзыретін айқындау кезіндегі Нарықты трансшекаралыққа жатқызу критерийлерінің 2-тармағына;

2. Шарттың 76-бабының 4 және 6-тармақтарына осы тармақтарда көзделген тыйым салулардың жүйелі өзара байланысы мен арақатынасына, соның ішінде Шарттың 76-бабының көрсетілген тармақтарымен белгіленген бұзушылықтардың жеке құрамдар ретінде аражігін ажырату мүмкіндіктері мен негіздемелеріне түсінік беруді жүзеге асыруды сұрайды (сұрақтар өтініштегі Комиссияның оларды тұжырымдауына сәйкес келтіріліп отыр).

Соттағы рәсім

Сот түсінік беру туралы істер бойынша сот ісін жүргізуді Шартқа № 2 қосымша болып табылатын Еуразиялық экономикалық одақ Соты Статутының (бұдан әрі – Сот Статуты) 68, 69-тармақтарына және Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2014 жылғы 23 желтоқсандағы № 101 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақ Соты Регламентінің (бұдан әрі – Сот Регламенті) 72 – 76-баптарына сәйкес жүзеге асырады.

Түсінік беру туралы істі қарауға дайындау шеңберінде Сот Регламентінің 75-бабының тәртібімен Сот Комиссияға, Армения Республикасының Экономикалық бәсекелестікті қорғау жөніндегі мемлекеттік комиссиясына, Беларусь Республикасының Монополияға қарсы реттеу және сауда министрлігіне, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетіне, Қырғыз Республикасы Үкіметінің жанындағы Монополияға қарсы реттеу мемлекеттік агенттігіне, Ресей Федерациясының Федералдық монополияға қарсы қызметіне, Армения Республикасы Ұлттық ғылым академиясының Философия, социология және құқық институтына, Беларусь Республикасының Заңнама және құқықтық зерттеулер ұлттық орталығына, «Қазақстан Республикасының заңнама институты» мемлекеттік мекемесіне, Қырғыз Республикасы Ұлттық ғылым академиясының Философия, социология және политология институтына, «Ресей Федерациясы Үкіметінің жанындағы Заңнама және салыстырмалы құқықтану институты» федералдық мемлекеттік ғылыми-зерттеу мекемесіне сұрау салулар жіберді.

Сотқа Комиссиядан, Армения Республикасының Экономикалық бәсекелестікті қорғау жөніндегі мемлекеттік комиссиясынан, Беларусь Республикасының Монополияға қарсы реттеу және сауда министрлігінен, Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігінен, Ресей Федерациясының Федералдық монополияға қарсы қызметінен, Беларусь Республикасының Заңнама және құқықтық зерттеулер ұлттық орталығынан, «Қазақстан Республикасының заңнама институты» мемлекеттік мекемесінен, «Ресей Федерациясы Үкіметінің жанындағы Заңнама және салыстырмалы құқықтану институты» федералдық мемлекеттік ғылыми-зерттеу мекемесінен жауаптар келіп түсті.

Соттың Үлкен алқасының қорытындылары

Соттың Үлкен алқасы Комиссияның өтінішін негізге ала отырып, осы консультативтік қорытындының шеңберінде мынадай мәселелерге түсінік беру қажет деп есептейді.

Шарттың 76-бабының 4 және 6-тармақтарында көзделген тыйым салуларды бұзу бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзудың дербес құрамдарын құрай ма, олардың аражігін ажыратудың негіздері қандай;

шаруашылық жүргізуші субъектілердің экономикалық қызметін үйлестіруден көрінетін бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзудың жолын

кесу жөніндегі өкілеттіктерді Комиссия қандай шарттардың болуы кезінде іске асырады.

Соттың Үлкен алқасы Сот Статутының 50-тармағын басшылыққа ала отырып, Шарттың ережелеріне және Еуразиялық экономикалық одақ (бұдан әрі – Одақ) органдарының олардың өзара жүйелі байланыстағы шешімдеріне 1969 жылғы 23 мамырдағы Халықаралық шарттардың құқығы туралы Вена конвенциясының 31-бабының ережелерін ескере отырып, халықаралық құқықтың жалпы танылған қағидаттары мен нормалары негізінде түсінік беруді жүзеге асырады.

1. Одақ құқығындағы бәсекелестік деп шаруашылық жүргізуші субъектілердің (нарық субъектілерінің) әрқайсысының дербес жасаған іс-әрекеттері тиісті тауар нарығындағы тауарлар айналымының жалпы жағдайына олардың әрқайсысының біржақты тәртіппен ықпал ету мүмкіндігі жойылатын немесе шектелетін жарыспалылығы түсініледі (Хаттаманың 2-тармағының 8-тармақшасы).

Шарттың 74-бабының 1-тармағына байланысты бәсекелестіктің жалпы қағидаттары мен қағидалары Одаққа мүше мемлекеттер аумақтарындағы бәсекелестікке қарсы әрекеттерді және Одақтың екі және одан да көп мүше мемлекеттерінің аумақтарындағы трансшекаралық нарықтардағы бәсекелестікке теріс әсер ететін әрекеттерді анықтауды және олардың жолын кесуді қамтамасыз етуге бағытталған.

Соттың Шарттың 74, 75 және 76-баптарының ережелеріне түсінік беру туралы 2017 жылғы 4 сәуірдегі консультативтік қорытындысында трансшекаралық нарықтардағы бәсекелестікті қорғау саласында Одақтың бірыңғай саясатты жүргізетіні және оның бірдейлендірілген құқықтың реттеуі бар екендігі белгіленген. Бәсекелестіктің жалпы қағидаларының тікелей күші бар және оларды мүше мемлекеттер халықаралық шартта бекітілген нормалар ретінде тікелей қолдануға тиіс.

Бәсекелестіктің жалпы қағидалары Шарттың 76-бабында үстем жағдайын теріс пайдалануға тыйым салу (1-тармақ), жосықсыз бәсеке (2-тармақ), бәсекелестер арасындағы келісімдер (3-тармақ), «сатылы» келісімдер (4-тармақ), өзге де келісімдер (5-тармақ), экономикалық қызметті үйлестіруді жүзеге асыру (6-тармақ) нысанында тұжырымдалған.

2. Шарттың 76-бабының 4 және 6-тармақтарында көзделген тыйым салуларды бұзу бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзушылықтардың аражігін ажырату туралы сұраққа жауап беру мақсатында Соттың Үлкен алқасы олардың құқықтық реттелуіне салыстырмалы талдау жүргізу қажет деп есептейді.

2.1. Шарттың 76-бабы 6-тармағының негізінде мүше мемлекеттердің шаруашылық жүргізуші субъектілерінің (нарық субъектілерінің) экономикалық қызметін жеке тұлғалардың, коммерциялық ұйымдардың және коммерциялық емес ұйымдардың үйлестіруді жүзеге асыруына, егер мұндай үйлестіру осы баптың 3 және 4-тармақтарында көрсетілген, Хаттамада белгіленген жол беру критерийлеріне сәйкес жол берілген деп

танылуы мүмкін емес салдардың кез келгеніне әкеп соқса немесе әкеп соғуы мүмкін болса, тыйым салынады.

Шарттың 76-бабының 3-тармағына сәйкес мүше мемлекеттердің бір тауар нарығында жұмыс істейтін, бәсекелес шаруашылық жүргізуші субъектілері (нарық субъектілері) арасындағы:

1) бағаларды (тарифтерді), жеңілдіктерді, үстемеақыларды (қосымша ақыларды) үстеме бағаларды белгілеуге немесе ұстап тұруға;

2) сауда-саттықтарда бағаларды көтеруге, төмендетуге немесе ұстап тұруға;

3) тауар нарығын аумақтық қағидат, тауарларды сату немесе сатып алу көлемі, өткізілетін тауарлар ассортименті не сатушылардың немесе сатып алушылардың (тапсырыс берушілердің) құрамы бойынша бөлуге;

4) тауарлар өндірісін қысқартуға немесе тоқтатуға;

5) белгілі бір сатушылармен не сатып алушылармен (тапсырыс берушілермен) шарттар жасасудан бас тартуға әкеп соғатын немесе әкеп соғуы мүмкін келісімдерге тыйым салынады.

Шарттың 76-бабының 4-тармағына байланысты шаруашылық жүргізуші субъектілер (нарық субъектілері) арасында, Хаттамада белгіленген жол беру критерийлеріне сәйкес жол беріледі деп танылатын «сатылы» келісімдерді қоспағанда, егер:

1) сатушы сатып алушы үшін тауарды қайта сатудың мейлінше жоғары бағасын белгілейтін жағдайды қоспағанда, мұндай келісімдер тауарды қайта сату бағасын белгілеуге әкеп соқса немесе әкеп соғуы мүмкін болса;

2) мұндай келісімдерде сатып алушының сатушыға бәсекелес болып табылатын шаруашылық жүргізуші субъектінің (нарық субъектісінің) тауарын сатпау міндеттемесі көзделсе, «сатылы» келісімдерге тыйым салынады. Мұндай тыйым салу сатып алушының тауарларды тауар белгісімен не сатушыны немесе өндірушіні дараландырудың өзге құралымен сатуды ұйымдастыруы туралы келісімдерге қолданылмайды.

Бұдан басқа, Шарттың 76-бабы 6-тармағының негізінде мүше мемлекеттер өз заңнамасында, егер экономикалық қызметті үйлестіру осы баптың 5-тармағында көрсетілген, Хаттамада белгіленген жол беру критерийлеріне сәйкес жол берілген деп танылуы мүмкін емес салдарға әкеп соқса немесе әкеп соғуы мүмкін болса, мұндай үйлестіруге тыйым салуды белгілеуге құқылы.

Шарттың 76-бабының 5-тармағымен егер мұндай келісімдер бәсекелестікті шектеуге әкеп соғады немесе әкеп соғуы мүмкін деп белгіленсе, Хаттамада белгіленген жол беру критерийлеріне сәйкес жол беріледі деп танылатын «сатылы» келісімдерді қоспағанда, шаруашылық жүргізуші субъектілер (нарық субъектілері) арасындағы өзге келісімдерге тыйым салынады.

Көрсетілген нормаларды өзара байланыстырып оқу Одақ құқығымен бәсеке үшін теріс салдардың, Шарттың 76-бабының 3 және 4-тармақтарымен тыйым салынған келісімдердің (бәсекелестер арасындағы

келісімдер және «сатылы» келісімдер) ұқсас салдарының туындауына әкеп соқтыратын немесе әкеп соқтыруы мүмкін экономикалық қызметті үйлестіруге (бұдан әрі – Үйлестіру) тыйым салынатыны туралы куәландырады.

2.2. Хаттаманың 2-тармағының 10-тармақшасына сәйкес «экономикалық қызметті үйлестіру» деп шаруашылық жүргізуші субъектілердің (нарық субъектілерінің) іс-қимылдарын мұндай шаруашылық жүргізуші субъектілердің (нарық субъектілерінің) ешбірімен бір тұлғалар тобына кірмейтін және шаруашылық жүргізуші субъектілердің (нарық субъектілерінің) келісілген іс-қимылдары жүзеге асырылатын тауар нарығында (тауар нарықтарында) қызметін жүзеге асырмайтын үшінші тұлғамен келісу түсініледі.

Келтірілген норма мен Шарттың 76-бабының 6-тармағын жүйелі талдау Соттың Үлкен алқасына Үйлестірудің мынадай сипатты белгілерін бөліп көрсетуге мүмкіндік береді:

Үйлестіруді жеке тұлға, коммерциялық немесе коммерциялық емес ұйым ретінде әрекет ететін үшінші тұлға (бұдан әрі – Үйлестіруші) жүзеге асырады.

Үйлестіруші әрекеттері келісілетін шаруашылық жүргізуші субъектілердің (нарық субъектілерінің) бір де бірімен бір топқа кірмейді және Үйлестіру жүзеге асырылатын тауар нарығында (тауар нарықтарында) қызметін жүзеге асырмайды;

Үйлестірушінің әрекеттері мүше мемлекеттердің кем дегенде екі шаруашылық жүргізуші субъектісінің (нарық субъектілерінің) экономикалық қызметін келісуге (үйлестіруге) бағытталады;

Үйлестіру шаруашылық жүргізуші субъектілерде (нарық субъектілерінде) тауар нарығында әрекет ету мен ондағы бәсекелестікке ықпал етудің белгілі бір моделін қалыптастыру мақсатында Үйлестірушінің оларға мақсатты бағытталған ықпалынан көрінеді.

2.3. Хаттаманың 2-тармағының 1-тармақшасына сәйкес «сатылы келісім» деп бірі тауарды сатып алатын немесе оның әлеуетті сатып алушысы болып табылатын, ал екіншісі тауарды ұсынатын немесе оның әлеуетті сатушысы болып табылатын шаруашылық жүргізуші субъектілер (нарық субъектілері) арасындағы келісім түсініледі.

Осы норма мен Шарттың 76-тармағының 4-тармағын өзара байланыстырып оқу «сатылы» келісімнің бір тауар нарығы құрылымындағы әртүрлі деңгейлердегі кем дегенде екі шаруашылық жүргізуші субъектінің (нарық субъектілерінің) өз әрекеттерін келісуін білдіретіндігі туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

2.4. Баяндалғандарды ескере отырып, Соттың Үлкен алқасы Үйлестіру мен «сатылы» келісімдердің аражігін ажыратудың мынадай негізгі критерийлерінің болуын көрсетеді:

субъект бойынша: Үйлестіруге тыйым салу бір субъектіге бағытталған, ол ретінде кез келген жеке тұлға, коммерциялық немесе коммерциялық емес ұйым әрекет етуі мүмкін; «сатылы» келісімдерге

тыйым салу кем дегенде екі шаруашылық жүргізуші субъектіге бағытталған;

субъектілердің тауар нарығы құрылымындағы орны бойынша: Үйлестіруші үйлестірілетін шаруашылық жүргізуші субъектілер (нарық субъектілері) қызметін жүзеге асыратын тауар нарығының қатысушысы болып табылмайды; «сатылы» келісімге қатысушылар өз қызметін бір тауар нарығы құрылымындағы әр түрлі деңгейлерде жүзеге асырады;

субъектілердің арасындағы өзара іс-қимылдың сипаты бойынша: Үйлестіруші басқа шаруашылық жүргізуші субъектілердің (нарық субъектілерінің) әрекеттерін келіседі; «сатылы» келісімге қатысушылар өздерінің экономикалық қызметінің талаптарына қатысты өзара уағдаластыққа қол жеткізеді.

Осылайша, Шарттың 76-тармағының 4 және 6-тармақтарын, Хаттаманың 2-тармағының 1 және 10-тармақшаларын жүйелі талдау Соттың Үлкен алқасына тыйым салынған «сатылы» келісім және тыйым салынған Үйлестіру Одақ құқығындағы бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзушылықтың екі дербес құрамын білдіретіндігі туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

3. Үйлестіруде көрініс табатын бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзушылықтың жолын кесу жөніндегі Комиссияның өкілеттіктері туралы мәселені түсіндіре келіп, Соттың Үлкен алқасы мынаны атап өтеді.

Комиссия Одақтың органы бола отырып, Шартта және Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттарда өздеріне берілген өкілеттіктер шегінде жұмыс істейді (Шарттың 8-бабының 2-тармағы).

Шарттың XVIII бөлімінде белгіленген бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзудың жолын кесу жөніндегі өкілеттіктер Комиссияға Шарттың 76-бабының 7-тармағымен берілген.

Аталған нормаға сәйкес бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзудың жолын кесуді Комиссия, егер мұндай бұзушылықтар қаржы нарықтарын қоспағанда, екі және одан да көп мүше мемлекеттердің аумақтарында трансшекаралық нарықтардағы бәсекеге теріс әсер еткен немесе әсер етуі мүмкін жағдайда Хаттамада көзделген тәртіппен жүзеге асырады.

Хаттаманың 8-тармағында мүше мемлекеттердің аумағында шаруашылық жүргізуші субъектілердің (нарық субъектілерінің), сондай-ақ мүше мемлекеттердің шаруашылық жүргізуші субъектілер (нарық субъектілері) болып табылмайтын жеке тұлғаларының және коммерциялық емес ұйымдарының Шарттың 76-бабында белгіленген бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзудың жолын кесуді мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары жүзеге асыратыны көзделген.

Хаттаманың 9-тармағына сәйкес жолын кесу мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес жүзеге асырылатын трансшекаралық қаржы нарықтарында бәсекелестікке теріс әсер ететін бұзушылықтарды қоспағанда, егер мұндай бұзушылық трансшекаралық нарықтарда бәсекелестікке теріс әсер ететін немесе әсер етуі мүмкін болса, мүше мемлекеттердің шаруашылық жүргізуші субъектілерінің (нарық

субъектілерінің), сондай-ақ мүше мемлекеттердің шаруашылық жүргізуші субъектілер (нарық субъектілері) болып табылмайтын жеке тұлғаларының және коммерциялық емес ұйымдарының Шарттың 76-бабында белгіленген бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзудың жолын кесуді Комиссия жүзеге асырады.

Одақ құқығының көрсетілген нормаларын салыстырмалы талдаудың негізінде Соттың Үлкен алқасы бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзудың жолын кесуді ұлттық деңгейде мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары және ұлтүстілік деңгейде Комиссия жүзеге асыратыны туралы қорытындыға келеді. Бұл ретте олардың құзыреттерінің аражігін ажырату бұзудың бір мүше мемлекеттің нарығындағы бәсекеге не трансшекаралық нарықтағы бәсекеге теріс әсеріне қарамастан жүргізіледі.

Шарттың 76-бабында белгіленген бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзудың жолын кесу жөніндегі Комиссияның құзыретін айқындау мақсатында Шарттың 74-бабының 2-тармағын орындау үшін Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің шешімімен Нарықты трансшекаралыққа жатқызу критерийлері бекітілді.

Шарттың 76-бабының 1 – 6-тармақтарында көзделген барлық бұзушылыққа қолданылатын трансшекаралық нарықты айқындаудың жалпы қағидасы Шарттың 74-бабының 2-тармағында және Критерийлердің 2-тармағында бекітілген. Бұл қағида географиялық тәсілдемеге негізделген және ол егер тауар нарығының географиялық шекаралары екі немесе одан да көп мүше мемлекеттің аумағын қамтыса, нарықты трансшекаралыққа жатқызады.

Соттың Үлкен алқасы Шарттың 76-бабының 1 – 5-тармақтарында көзделген бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзушылықтарға қатысты көрсетілген бұзушылықтардың жолын кесу жөніндегі Комиссия өкілеттіктерінің болуын алдын ала болжайтын Критерийлердің 2-тармағына қатысы бойынша қосымша талаптар белгіленгенін атап өтеді. Атап айтқанда, Критерийлердің 4-тармағына сәйкес шаруашылық жүргізуші субъектілердің (нарық субъектілерінің) Шарттың 76-бабының 3 – 5-тармақтарында белгіленген тыйым салуларды (бәсекеге қарсы келісімдерді) бұзуының жолын кесуді Комиссия әрекеттері тыйым салуды бұзуға әкеп соқтыратын немесе әкеп соқтыруы мүмкін кем деген екі шаруашылық жүргізуші субъектінің әртүрлі мүше мемлекеттердің аумақтарында тіркелуі шартымен жүзеге асырады.

Шарттың 76-бабының 6-тармағына қатысты (Үйлестіруді жүзеге асыруға тыйым салу) Критерийлерде ондай қосымша талаптар белгіленбеген. Осыған байланысты Үйлестіруде көрініс табатын белгіленген бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзудың жолын кесу кезінде Критерийлердің 2-тармағының жалпы қағидасын басшылыққа алу және тауар нарығының географиялық шекараларының екі немесе одан да көп мүше мемлекеттің аумағын қамтуы шартымен нарықты трансшекаралыққа жатқызу қажет.

Жоғарыда баяндалғандардың негізінде Соттың Үлкен алқасы мынадай қорытындылар жасауды негізді деп ойлайды:

1. Шарттың 76-бабының 4-тармағымен тыйым салынған «сатылы» келісімді жасау және Шарттың 76-бабының 6-тармағымен тыйым салынған экономикалық қызметті үйлестіру субъектілер ортасы, олардың өзара іс-қимылының сипаты және тауар нарығы құрылымындағы орны олардың аражігін ажырату негіздемелері болып табылатын бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзудың дербес құрамдарын құрайды.

2. Комиссия экономикалық қызметті үйлестіруден көрінетін бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзудың жолын кесу жөніндегі өкілеттіктерді мұндай үйлестірудің географиялық шекаралары екі немесе одан да көп мүше мемлекеттердің аумақтарын қамтитын трансшекаралық тауар нарығына теріс әсер етуі шартымен іске асырады.

Қорытынды ережелер

1. Осы Консультативтік қорытындының көшірмесі өтініш берушіге жіберілсін.

2. Консультативтік қорытынды мүше мемлекеттердің мемлекеттік тілдеріне аударылсын және Соттың ресми интернет-сайтына орналастырылсын.

Төрағалық етуші

Ж.Н. Бәйішев

Судьялар

А.М. Ажибраимова

Э.В. Айриян

Д.Г. Колос

Т.Н. Нешатаева

В.Х. Сейтімова

Г.А. Скрипкина

А.Э. Туманян

А.А. Федорцов

К.Л. Чайка